

ДӘРІС №9 «Вокзал кешенінің құрылымы. Вокзалдардың өндірістік сипаттамасы»

Жоспар:


1. Вокзал жұмысын ұйымдастыру;
2. Вокзалдық кешен құрылымы

Теміржол вокзалдарын және жолаушыларға қызмет көрсететін орны бар өндірістік ғимараттарды жіктеу. Орындалатын жұмыс қиындығы мен көлеміне байланысты вокзалдар мына кластарға бөлінеді: кластан тыс, 1, 2, 3-кластар. Класты есептеу Теміржол вокзалдарының кластарын анықтау әдістемесі бойынша (Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 2012 жылғы 29 тамыздағы № 7886) жүргізіледі. Вокзал класын есептеу әдістемесі екі көрсеткіштен - жөнелтілген жолаушылар саны мен әрбір жөнелтілген жолаушы және әрбір 100 кв. метр вокзалдың жалпы ауданынан жеке-жеке бір шартты бірлік (балл) ретінде қабылданатын, квадрат метр ауданынан құралатын, алынған балдарды қосудан тұрады. Тиісті есептеулерді жүргізгеннен кейін, вокзал кластары бойынша есептеу негізінде ие болады. 101 кем жиынтық балл санын жинаған ғимарат жолаушыларға қызмет көрсететін орны бар өндірістік ғимарат ретінде анықталады. Көрсеткіш немесе норматив өлшем бірлік балл саны тәулігіне жолаушыларды жөнелту (жылдық есептеу): 1 жолаушы 1,0 вокзал үй-жайларын қамсыздандыру $m^2 S$ жалп./100. Кластан тыс 1 класс 2 класс 3 класс вокзал 2500 және одан көп жолаушылар 700-ден 2499 дейін жолаушылар 300-ден 699 дейін жолаушылар 101-ден 299 дейін жолаушылар 1 тип 2 тип 3 тип өндірістік ғимарат 50-ден 100 дейін жолаушылар 10-нан 50 дейін жолаушылар 10 дейін жолаушылар. Вокзалдарды және жолаушыларға қызмет көрсететін орны бар өндірістік ғимараттар мәртебесін қайта есептеу қол жеткізген көрсеткіштер негізінде бес жылда бір рет жүргізіледі және уәкілетті орган бекітеді. Теміржол вокзалы ғимараттары мен жолаушыларға қызмет көрсететін орны бар өндірістік ғимараттарды сыртқы рәсімдеуге қойылатын талаптар. Класқа байланысты теміржол вокзалдарының сыртқы қасбетінде: кластан тыс вокзалдарда: - ғимарат төбесінде қала жақтан және перрон жақтан ортада, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ көлденең логотипі және «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» деген сөз; - ғимарат төбесінде қала жақтан және перрон жақтан (бос аймақта) көлденең орналасқан мемлекеттік тілдегі бекет атауы (мысалы «АСТАНА») және «ВОКЗАЛ» сөзі; - ғимараттың архитектуралық жарық беруі; - қала және перрон жақтан сағат – температура таблосы. 1, 2, 3 - кластардағы вокзалдарда: - «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ түзу логотипі және астында кіретін топтарда перрон жақтан «Қазақстан темір жолы» сөзі; - ғимарат төбесінде перрон жақтан (бос аймақта) көлденең орналасқан мемлекеттік тілдегі бекет атауы және «Вокзал» сөзі; - қала жақтан және перрон жақтан сағат тұруға тиіс. 1-ші және 2-ші типтегі жолаушыларға қызмет көрсететін орны бар өндірістік ғимараттардың сыртқы қасиеті «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ түзу логотипінен және кіретін топтарда немесе ғимарат төбесінде перрон жақтан мемлекеттік тілде бекет атауынан тұруға тиіс. Жолаушыларға қызмет көрсететін орны бар өндірістік ғимарат жолаушылар платформасында төбеде тұруға тиіс, төбеде «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

көлденең логотипі, мемлекеттік тілдегі бекет атауы орналасады. Теміржол вокзалы арнайы қызметкерлер штаты мен табысты өндірістік қызметті жүзеге асыру үшін ұтымды экономикалық-шаруашылық механизмі бар, жолаушыларға сапалы қызмет көрсетуге арналған станция ғимараттары, және құрылғылары кешені болып табылады.

XVII ғасырда пайда болған «вокзал» сөзі ойын-сауық ұйымдастыратын ғимаратын Воксхолл (Vox Hall) деп атаған Джейн Вокстың атымен байланысты. Петербург қаласының түбіндегі Павловск қаласындағы шын мәнінде концерт залы болған алғашқы жолаушылар ғимаратына да осы атау берілген.

Вокзалдың әр түрлі құрылымдық бөлімшелері болуы мүмкін. Олардың негізгілері: билет-касса цехі, анықтама-ақпараттық қызмет, багаж бөлімшесі, қол жүгін сақтау камералары, транзитті жолаушылардың демалыс бөлмелері, ана мен бала бөлмесі (АмББ). Сонымен қатар вокзалдардың құрамына (шлектерін қоспағанда) қосымша есепке алу және есеп беру топтары (ЕЕО), жөндеу бөлімшелері және тағы басқа қызметтер кіруі мүмкін. Вокзалдарда жалгерлік негізінде әуе кассалары, тұрмыстық қызмет көрсету және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары (пошта, телеграф, телефон, шаштараз, буфеттер, кафе, мейрамханалар) орналасады. Вокзалды басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы 4.1 суретте келтірілген.



4.1 - сурет – Вокзалды басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы

Қазіргі кезеңде вокзалдардың жұмысы келесі құжаттармен реттеледі:

- Қазақстан Республикасының темір жолдарын техникалық пайдалану ережелері (ТПЕ);
- вокзалдар жұмысының типтік технологиялық процесі;
- құрылыс нормалары мен ережелерінің, санитариялық нормалар мен ережелердің, өрт қауіпсіздігі ережелерінің мемлекетаралық және мемлекеттік стандарттары;
- теміржол вокзалдарының жабдықталуының техникалық регламенті;
- алысқа қатынауға арналған теміржол вокзалдарын технологиялық жобалаудың салалық нормалары.

Осы құжаттарға сәйкес вокзалдың жұмысын басқару вокзалда орындалатын барлық операцияларды ұйымдастырылған ұтымды біртұтастыққа біріктіретін технологиялық процеске негізделеді.

Осы процесті басшылыққа ала отырып, жұмыстың қажетті тиімділігі жағдайында жолаушылардың негізгі тобына қызмет көрсетудің барынша тиімді жоғары деңгейіне қол жеткізіледі. Бұл келесі жолмен қамтамасыз етіледі:

- билет кассалары бөлмелерін, багаж бөлімшелерін және жүк сақтау камераларын, анықтама-ақпараттық бөлімшені, мәдени-тұрмыстық залдарды т.б. тиімді пайдалану жолымен;
- вокзалдың бөлімшелерін техникалық құралдармен, қажетті құрал-жабдықтармен және материалдармен жабдықтау жолымен;
- жекелеген санаттағы жұмыскерлердің кәсіптерін барынша қатар қолдану жолымен.

Вокзалдардың жұмысын олардың санаттарына қарай реттейтін жалпы технологиялық құжатты әзірлеу мәселесі маңызды болып табылады. Вокзалдар бөлмелерінің орташа ауданы 11 мың м² және есептік сыйымдылығы 1500 жолаушыдан астам болып келетін сыныптан тыс; I сыныпты (4,6 мың м², 1200-1500 жолаушы); II сыныпты (2,3 мың м², 500-900 жолаушы); III сыныпты (1 мың м², 300 жолаушыға дейін).

Алып жатқан аумағы бойынша вокзалдар *кіші, орташа, үлкен, ірі* болып бөлінеді. Олардағы қызмет көрсету құрылғыларының да әркелкі болуы заңды. Сонымен бірге олардың барлығында билет сатып алу, күту кезінде аз уақыт өткізу және тамақтану орындары және тағы басқа қызметтері; қауіпсіз әрі қолайлы мініп-түсуге арналған платформалары; жолдар арасындағы өтпе жолдары, багаж және пошта бөлімшелері, вокзал маңы алаңдары бар (сурет 2).

Әрбір вокзалдың *технологиялық жұмыс процесіне* вокзалдың техникалық-экономикалық және өндірістік сипаттамасы, жолаушылар легін өткізу жүйесі, жолаушыларды мінгізу-түсіруді ұйымдастыру, жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары, билет кассаларының, багаж бөлімшесі мен қол жүгін сақтау камераларының жұмысы, вокзалды сыпырып-тазартусияқты бөлімдер кіруі тиіс.



4.2 – сурет - Алматы 1 вокзалы

Ірі вокзалдардың технологиялық жұмыс процесінде «Көлік қызметтері ассортиментін жоспарлау тәртібі», «Бизнес-орталық жұмысы», «Қолайлылығы жоғары күту залдары», «Демалыс бөлмесі», «Бала мен ана бөлмесі», «АБЖ техникалық құралдары мен локалды есептеу жүйелеріне қызмет көрсету» сияқты және т.б. бөлімдер болуы мүмкін, сонымен қатар, тазартуды коммерциялық құрылымдар іске асырмаған жағдайда «Бүкіл вокзал кешенін тазартуды және санитариялық жай-күйін ұйымдастыру» бөлімі міндетті түрде болуы керек.

Вокзал жұмысының технологиясы оның әлеуметтік-экономикалық маңызымен, типімен және жұмыс көлемімен айқындалады. Бұл технологияда барлық жеке операциялар біріктіріліп, жолаушыларға қызмет көрсетудің нақтылығы, ұйымдастырылғандығы және барынша жоғары деңгейі қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар бұл технология вокзалдың қажетті бөлімдер кіретін технологиялық жұмыс процесін де қамтиды.

Техникалық сипаттамасы вокзалдың пайдалануында тұрған құрылғылары мен техникалық құралдары, оның барлық бөлмелерін, перрон жолдарын және платформаларын, вокзал маңындағы алаңдарды, құрылыстары мен имараттарын қамтитын бас жоспары болып табылады.

Экономикалық бөлімі вокзалдың орналасқан геосаяси аймақтың маңызын көрсетеді, әсіресе ол жер мемлекет астанасы немесе қандай да бір әкімшілік-шаруашылық және өнеркәсіп орталығы болған жағдайда. Жолаушыларды темір жолмен тасымалдау қаіпсіздік, сенімділік, қозғалыс тұрақтылығы, өткізу және алып жүру қабілеті т.с.с. жағынан басқа көлік құралдары алдында артықшылыққа ие. Бұл көлік түрінің қолжетімділігін, көпшілікке арналғандығын және болашақта үлкен маңызға ие болатынын ескерсек, теміржол вокзалының әлеуметтік-экономикалық маңызының зор екені және оның барлық көлік түрлерін үйлестіру және өзара әрекеттестігі негізі болып табылатыны айқын. Ол үшін поездардың,

автобустардың, ұшақтардың т.б. көлік түрлерінің қозғалыс кестелерін келісу қамтамасыз етіледі, теміржол вокзалдарында тәулік бойы жұмыс істейтін автокөлік тұрақтары, қонақ үйлер, сауда кәсіпорындары, байланыс тораптары, мейрамханалар, банктер, бизнес-орталықтар, медициналық жәрдем бекеттері т.с.с. орналасады. Бұл жолаушылардың уақытын барынша үнемдеп, жол жүру мен басқа көлікке міну кезінде барынша қолайлылық туғызуға мүмкіндік береді.

Өндірістік сипаттама станцияға келетін және одан жөнелетін алысқа қатынайтын, жергілікті және Қала маңына қатынайтын поездар санын; (әрі қарай жол жүретін және поездан поездға ауысып мінетін транзитті жолаушыларды бөліп қарастыра отырып) қатынас түрлері бойынша келетін және жөнелтілетін жолаушылар санын; қала маңындағы жолаушылардың апта күндері мен тәулік уақыты бойынша жөнелу және келу уақыттарын; багаж, пошта және қол жүгін өңдеу көлемдерін; билет кассаларында ресімделетін жол жүру құжаттарының санын; қала маңындағы кассаларда сатылған билеттер санын (соның ішінде кері бағыттағы, жеңілдікті, абонемент т.б.); келу, жөнелу және транзит уақытында өңделген багаж бен жүк багажының санын; жүк сақтау камераларына қабылданатын қол жүгі орындарын және өзге де операцияларды көрсетеді.

Оқу-әдістемелік әдебиет

И.Д. Иловайский, А.Н. Киселев «Сервис на транспорте (железнодорожном)». Мәскеу, Маршрут, 2003-585б.

В.А. Кудрявцев, В.И. Ковалев, А.П. Кузнецов «Основы эксплуатационной работой железных дорог», Мәскеу, «Академия» баспахана орталығы, 2005-352б.